

Белсенді және интерактивтік оқыту әдістерін қолдану

*Орындаған: «Стандартау және
сертификаттау» тобы магистранты
Жүнісбекова Г.А.*


Белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолданудың мақсаттылығы (пайдалылығы)

- ❖ Оқушы әсер, ықпал етудің пассивті объектісі болмауы маңызды, керісінше ол қажетті ақпаратты іздей алуы, өзінің құрдастарымен ой алмаса алуы, пікірсайыстарға қатысуы, дәлелдер табуы маңызды.
- ❖ Оқу оқушы тек **білімге ғана емес, сонымен қатар, оларды алу әдістеріне** ие болған кезде ғана бағалы, құнды болады.
- ❖ Оқушыны қазіргі қоғамға бейімделуге, оқиғаларды талдауға, өз ойларын қалыптастыруға, өз әрекетін бағалауға және жауап беруге, жауапкершіліктерді бөліп беруге үйрету керек




Пассивті әдістер: оқушы – оқыту объектісі, оқытышымен – білім көзімен берілетін білімді меңгереді және жаңғыртады.

Негізгі әдістер: дәрістер, оқу, сұрау.



Белсенді әдістер: оқушы – оқыту субъектісі шығармашылық тапсырмаларды орындайды, оқытушымен диалогқа түседі.


Негізгі әдістері: шығармашылық тапсырмалар, оқушыдан оқытушаға, оқытушыдан оқушыға сұрақтар.



Интерактивті әдістер – барлық оқушылардың, сонымен қатар, педагогты қосқанда, өзара әрекеттестіне жасалған әдістер.

Негізгі әдістері:

- ◆ топтық жұмыстар
- ◆ дебаттар
- ◆ модельдеу
- ◆ рөлдік ойындар
- ◆ пікірсайыстар
- ◆ Жеке және топтық жобалар
- ◆ талқылау



Оқыту пирамидасы

Біз есте сақтауға қабілеттіміз

Еліктірушілік дәрежесі

10% оқығанымыздан
25% тыңдағанымыздан
30% көргенімізден
50% көріп,
тыңдағанымыздан

70% айтқанымыздан
90% айтып,
істегенімізден
95% басқаларға
үйреткенімізден

Сөздерді қабылдау,
суретпен, көрнекілікпен
түсіндіру, сипаттау,
фильмдер көру

Ауызша түсіндіру

Көзбен шолып,
қабылдау

Пікірталастарға,
әңгімелесулерге қатысу

Қабылдау және қатысу

Нақты, шынайы процеске
қатысу

Әрекет жасау

Блум топтастыруы (таксономия)

Оқу мақсаттарының деңгейі	Берілген деңгейге жету үшін қажетті нақты әрекеттер
1. Білім	Терминдер, нақты дәлелдер, әдістер мен рәсімдер, негізгі түсініктер, ережелер мен қағидалар беру.
2. Түсіну	— дәлелдерді, ережелерді, қағидаларды түсіндіреді; — ауызша материалдарды математикалық сөйлемге түрлендіреді; — бар мәліметтерден пайда болатын нәтижелерді болжамды түрде сипаттайды
3. Қолдану	— нақты жағдарларда заңдар мен теорияларды қолданады; — жаңа жағдайларда түсініктер мен қағидаларды қолданады.
4. Талдау	— бүтіннің бөлігін есептейді; — олардың арасындағы өзара байланысты анықтайды; — бүінді ұйымдастыру қағидаларын анықтайды; — ойлау логикасында қате мен қателіктерді көреді; — дәлелдер мен нәтижелер(зерттеулер) арасындағы айырмашылық жүргізеді; — мәліметтердің маңыздылығын бағалайды.
5. Жинақтау (синтез)	— шығарма, баяндама, мәлімдеме, реферат жазады; — тәжірибе немесе басқа да әрекеттерді жүргізуге жоспар ұсынады; — міндеттер (тапсырма) сұлбасын жасайды.
6. Баға	— жазба мәтінінің құрылу (жасалу) логикасын бағалайды; — қорытындының бар мәліметтерге сәйкестігін бағалайды; — әрекет өнімінің маңыздылығын бағалайды.

Интерактивті әдістерді қолданған кезде оқытушы тек оқыту-тәрбиелеу процесін реттейді, оның жалпы ұйымдастыруымен айналысады, **оның жалпы бағыттарын анықтайды:**

- Қажетті тапсырмаларды алдын ала дайындайды;
- Топта талқылау үшін сұрақтар мен тақырыптарды тұжырымдайды;
- болжамды жұмыс жоспарын орындау уақыты мен ретін бақылайды;
- кеңес береді;
- күрделі терминдерді түсіндіреді;
- Қиындық туған кезде көмек көрсетеді.




Өзіндік жұмыс рөлі жетіледі. Оқушыларда қосымша ақпарат көздері пайда болады – кітаптар, сөздіктер, энциклопедиялар, заң жинақтары, компьютерлік іздеу бағдарламалары. Олар әлеуметтік тәжірибеге жүгінеді – өзіне және өзінің достарына, ол үшін оқушылар:

- бір-бірімен байланысқа түседі;
- қойылған міндеттерді бірігіп шешеді;
- келіспеушіліктерді жеңеді;
- қарым-қатынастың жалпы «нүктесін» табады;
- ымыра келеді.



Интерактивті оқыту кезіндегі нәтижелі өзара әрекеттесу қағидалары (Р. Бернс бойынша)

- Оқытушының оқушыларға толық сенімі.
- Оқушыларға жан-жақты көмек.
- Оқушылардың оқуға деген ішкі уәждеменің (мотивация болуы).
- Оқытушыны алуан түрлі тәжірибе көзі ретінде қабылдау.
- Топта өзінің ойын ашық білдіру қабілеті және басқалардың ойын қабылдай білу.
- Топтық өзара әрекет жасаудағы қатысушылардың белсенділігі.



Интерактивті оқытудың әдістері мен формалары

- Ситуациялық - шынайы және ойдан құрастырылған жағдайларды қарастыру.
- Пікірталастық – осы және басқа мәселелерді талқылау, идеямен, ой-пікірлермен алмасу.
- Рефлексивтік – өзін-өзі бақылау, өзінің әрекеттерін немесе топтың әрекеттерін түсіну және бағалау.
- Іздеу - әртүрлі көздерден нақты бір ақпараттарды алу, ғылыми зерттеу моделі.
- Ассоциативтік - ассоциативтік ойлауға сүйеніш (тірек).
- Талдамалы - критикалық ойлау – дедукция – жалқыдан жалпыға және индукция – жалпыдан жалқыға.
- Нәтижелі - дайын мәліметтерді ұдайы жаңғырту.
- Ойындық - шынайы немесе ойдан шығарылған жағдайларды моделдеу.
- Жобалық - негізгі мақсат білімдерді жинау емес, әрекет ету тәсілдеріне ие болу.

Іске асырудың мүмкін формалары:

1. Шығармашылық тапсырмалар.
2. Кіші топтарда жұмыс.
3. Үйретуші ойындар: рөлдік, іскерлік, оқу.
4. Қоғамдық ресурстарды пайдалану: мамандарды шақыру, экскурсиялар.
5. Әлеуметтік жобалар: жарысулар, көрмелер, қойылымдар, көрсетулер және т.б.
6. Жаттығулар.
7. Жаңа ақпараттық материалдарлы оқып-үйрену және пысықтау: интерактивтік дәрістер, оқушы оқытушы рөлінде, көрнекі құралдармен жұмыс жасау, әркім әркімді оқытады.
8. Құжаттармен жұмыс жасау: құжаттарды жасау, өзінің позициясы негізінде жазба жұмыстарын жасау.
9. Күрделі және дискуссиялық мәселелерді талқылау: жобалық әдіс, ойлар шкаласы, дискуссия, дебат, симпозиум.
10. Мәселені шешу: ой-талқы (мозговой штурм), шешу ағашы, келіссөздер мен медиация.

Негізгі қағидалар	Түсіндірме
Оқытушы мен оқушылардың ынтымақтастығы	Өзара әрекет ету және өзара жауапкершілік жағдайын жасау қажет.
Оқыту стратегиясының нәтижелілігі	Білім процесінің барлық қатысушыларын өзара әрекет етудің әртүрлі түрлеріне дайындығын қамтамасыз ету қажет.
Оқыту стратегиясы мақсатты болуы қажет	Кез келген әдісті қолдану кезінде жұмсалған уақыт және күшпен күтілетін нәтижені шамалау керек. Қызықты әдістемелік тәсіл энергияны көп қажет ететін жіне уақыт шығыны көп болып шығуы мүмкін.

Нұсқалылық

Оқытуда әртүрлілік болуы керек. Оқыту формаларын ауыстырып тұру қажет.

Шығармашылық тәсілдеме

Әдістемеде қатып қалған қағида және нақты ережелер жоқ.

Алгоритмнің болуы

Әр әдістің оны қолданудың анық құрылымы болу керек.

Демократиялылық

Кез келген әдісті қолдану демократиялық құндылыққа негізделген болуы керек (басқа көзқарастарды сыйлау, келіспеушіліктерді жанжалсыз шешу, адамның құқығын сақтау және т.б.)

Интерактивті стратегияның оң және теріс жақтары

Оң жақтары	Теріс жақтары
+ Қор (ресурс) базасын кеңейту	– Оқушылардың жеткілікті емес деңгейде дайындығы кезінде тақырыптың бетін ғана қарастыру ықтималдығы
+ Мотивацияның жоғары деңгейі	– Тәртіпті орнату және оны ұстап тұру қиындықтары
+ Оқытудың максимальды жекеленуі	– Оқушыларды қатаң шегі
+ Әрекетке, тәжірибеге екпін	– Оқытылатын материалдың көлемі аз
+ Шығармашылық үшін кең мүмкіндіктер	– Көп уақытты талап етеді
+ Материалды қабылдау беріктілігі	– Жеке бағалаудың күрделілігі

Қорытынды

- Интерактивті және белсенді оқыту әдістерін қолдану оқушылардың интеллектуальды белсенділігін жоғарылатуға және сабақтың нәтижелілігіне себеп болады.
- Белсенді және интерактивтік оқыту әдістерін қолдану қоғам тапсырысын орындауға көмектеседі, яғни, ақпараттандырылған, ойлайтын, әрекет етуге қабілетті және талпынатын азаматты тәрбиелеуге және оқытуға көмектеседі.



Назарларыңызға рахмет!